

Күшіне енді: 2024 ж. 15 шіл. (Нұсқа: 40646)

Пайдалану шарттары

Осы пайдалану шарттары Robert Bosch GmbH, Robert-Bosch-Platz 1, 70839 Gerlingen-Schillerhöhe, Germany (Германия) ("**Провайдер**", "**біз**" немесе "**біз**" түбірін қамтитын барлық сөздер) сізге соңғы пайдаланушы ретінде беретін "**Пайдаланушы**" немесе "**сіз**") SingleKey ID (төменде көрсетілгендей) логинін жасау және пайдалану тәртібін бақылау үшін қолданылады. Robert Bosch GmbH компаниясы SingleKey ID жүйесін өзінің филиалдары мен басқа үшінші тараптарға арналған қызмет ретінде осынады.

1. Анықтамалар

Тіркелгіге кіру деректері пайдаланушының кез-келген логинін (мысалы, пайдаланушының электрондық поштасы немесе ұялы телефон нөмірі) және пайдаланушының тіркелгісіне кіру және оны басқару үшін пайдаланушы өзі жасайтын және пайдаланатын еркін таңдалатын құпиясөзді білдіреді.

Келісім осы Пайдалану шарттары негізінде біз бен сіздің арамызда жасалатын шарттарды білдіреді.

SingleKey ID провайдердің әр түрлі қызметтеріне бір тіркелгіден кіру мүмкіндігін беретін қызметті білдіреді.

Мазмұны бағдарламалық құрал, бағдарламалық құрал функциялары, деректер, мәтіндер, аудио, видео, суреттер, құжаттама, салымдар, өнімдер және қызметтерді және Қызметтер арқылы немесе олармен байланысты қолжетімді кез келген басқа ақпаратты білдіреді.

Қызмет(тер) біз, біздің серіктестеріміз немесе басқа үшінші тараптар ұсынатын қолданбалар, веб дүкендер, онлайн платформалар немесе вебсайттар сияқты қолданбаларды білдіреді.

Тіркеу Пайдаланушы өзінің тіркелгі деректерін енгізу арқылы кіретін пайдаланушы тіркелгісін жасау процесін білдіреді.

Пайдаланушы Пайдаланушы тіркелгісінің иесін білдіреді

Пайдаланушы тіркелгісі SingleKey ID жүйесіне кіру мүмкіндігін беретін тіркелгі

2. Қызмет ауқымдары

2.1. SingleKey ID логині осы тіркеуге тәуелді емес әртүрлі қызметтерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Кез келген осындай қызметке кіру үшін қажет деректер сіздің тіркелгіңізден тиісті Қызметке жіберілетін болады.

2.2. Қызметтердің ауқымы мен нақты мазмұнын осындай қызметтің сипаттамасы туралы бөлімнен табуға болады. Сіздің қызметтерді пайдалануыңызды заңмен қадағалау үшін бөлек ережелер мен шарттар қолданылады. Қолданылатын қызмет түріне қарай пайдаланушының тегі, аты немесе төлем деректері сияқты қосымша ақпарат қажет болуы мүмкін.

2.3. Пайдаланушы (i) SingleKey ID логині пайдаланушыға тегін берілетінін; және (ii) Провайдер SingleKey ID қызметінің үздіксіз немесе қатесіз болатынына кепілдік бермейді және сізде осындай болуын талап етуге құқығыңыз жоқ екенін мойындайсыз және осыған келісесіз. Пайдаланушының SingleKey ID логинін пайдалануы техникалық қызмет көрсету, одан әрі дамыту немесе деректердің жоғалуына әкелуі мүмкін басқа бұзушылықтар (мысалы, аппараттық және бағдарламалық жасақтама қателері, деректерді берудің техникалық мәселелері) нәтижесінде бұзылуы мүмкін. Провайдер SingleKey ID логинін үзіліссіз пайдалану мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін ақылға қонымды ауқымда бар күшін салады.

3. SingleKey ID логинін, пайдаланушы тіркелгісін тіркеу

3.1. SingleKey ID логинін пайдалану үшін пайдаланушы тіркелгісін жасау қажет. Пайдаланушы тіркелгісін жасау үшін жүйеге тіркелу қажет. SingleKey ID логинін тіркеу және пайдалану – тегін.

3.2. SingleKey ID логинін тіркеу үшін сіз қолданыстағы заңнамаға сәйкес ересек адам болуыңыз керек. Кәмелетке толмағандардың, әрекетке қабілетсіз адамдардың, сондай-ақ кіруге рұқсаты кері қайтарылған адамдардың бұл жүйеге тіркелуге құқығы жоқ. Егер сіз осы пайдалану шарттарын ұйымның өкілі ретінде қабылдасаңыз, сіз осындай ұйымды жүйемен байланыстыруға заңды рұқсаттарыңыз бар екенін мәлімдейсіз және кепілдік бересіз.

3.3. Тіркеу барысында сізден тіркелгіге кіру деректерін енгізу сұралады. Тіркелгіге кіру деректерін жібере отырып, сіз осы пайдалану шарттары негізінде пайдаланушы тіркелгісін жасау туралы келісім жасасуға ұсыныс жасайсыз. Тіркелгіге кіру деректерін жіберген соң пайдаланушы логині

тексеріледі (мысалы, сіз көрсеткен электрондық пошта мекенжайына растау сілтемесін жіберу немесе сіз көрсеткен мобильді телефон нөміріне код жіберу арқылы). Пайдаланушы логинін тексеру сәтті орындалған соң пайдаланушы тіркелгісін белсендіру арқылы сіздің ұсынысыңызды қабылдаймыз. Осыдан кейін сіз осы пайдалану шарттарына сәйкес SingleKey ID логинін пайдалану құқығын аласыз. Провайдер өз қалауы бойынша пайдаланушы тіркелгісін алу туралы өтінішіңізді қабылдамауы және/немесе пайдаланушы тіркелгісін және SingleKey ID логинін пайдалану құқығын қайтарып алуы немесе тоқтата тұруы мүмкін.

3.4.Пайдалану шарттарын сіз көрсеткен электрондық пошта мекенжайына жібереміз және сіз қабылдаған пайдалану шарттарын сақтаймыз. Сонымен қатар, осы пайдалану шарттарын қабылдағаннан кейін сіз қолданыстағы пайдалану шарттарына қол жеткізе аласыз.

3.5.Шарттың тілі пайдаланушы таңдаған тілде болады.

3.6. Бір SingleKey ID логинімен тек бір рет тіркеле аласыз. Сіздің тіркелуіңіз, келісіміңіз және пайдаланушының тіркелгісі, сонымен қатар кіру деректері ешкімге берілмейді.

3.7. SingleKey ID логині мен пайдаланушы тіркелгісін кез келген жолмен пайдалану рұқсатын сіз тікелей немесе жанама түрде берсеңіз және оларды осы пайдалану шарттарына қайшы қолдансаңыз, мұндай әрекеттердің салдарлары үшін сіз жауапты боласыз.

4. Кіру деректері үшін жауапкершілік

4.1.Тіркелгіге кіру деректерін құпия сақтауыңыз керек және оларды пайдалану рұқсаты жоқ үшінші тараптарға ешбір жағдайда бермеуіңіз керек.

4.2.Сонымен қатар, сіз кіру деректері мен ұсынылған қызметтерге қол жеткізуді және оларды пайдалануды тек сіз немесе сіз рұқсат берген адамдар ғана қолдануын өзіңіз қамтамасыз етуіңіз керек. Пайдаланушыда кез келген рұқсат етілмеген кіру әрекеті орындалды немесе пайдаланушы тіркелгісіне және/немесе кіру деректеріне қол сұғу орын алды деген күдік болса немесе мұндай жағдай орын алса, пайдаланушы өз құпиясөзін дереу өзгертуі және осы жағдай туралы провайдерге хабарлауы тиіс.

5. Тоқтата тұру

5.1.Провайдер SingleKey ID логинін (i) осы пайдалану шарттарын және/немесе заңды немесе ережені сіз немесе сіздің атыңыздан әрекет ететін кез келген тұлға бұзған жағдайда және сіз осындай бұзушылық үшін жауап бермегенде немесе (ii) кез келген басқа заңды себеппен уақытша немесе біржолата тоқтата алады. Қызметті уақытша тоқтату туралы шешім қабылдаған кезде сіздің заңды мүдделеріңіз тиісті түрде ескерілетін болады.

5.2.Осы пайдалану шарттары қайталап бұзылса, пайдаланушы тіркелгісі біржолата тоқтатылуы және сізге болашақта SingleKey ID логинін пайдалануға тыйым салынуы мүмкін.

5.3.Уақытша тоқтату алдында, ереженің бұзылуына заңды немесе ақылға қонымды негіз болмаса, ереже өрескел және қайталанып бұзылса, біз сізге апелляция жасау мүмкіндігін бере отырып ескерту жібереміз. Мұндай шешім қабылдаған кезде сіздің заңды мүдделеріңіз ескеріледі.

5.4.Уақытша тоқтату орын алған жағдайда кіру рұқсаты (i) уақытша тоқтату мерзімі аяқталғаннан кейін немесе (ii) мұндай уақытша тоқтатудың себебі жойылған немесе тиісті шара қолданылған соң қайта беріледі. Біржолата тоқтатылған кіру рұқсатын қалпына келтіру мүмкін емес.

6. Деректерді қорғау

Деректер құпиялылық саясаты (<https://singlekey-id.com/data-protection-notice/>) ағымдағы SingleKey ID нұсқасы үшін қолданылады.

7. Жауапкершілік

7.1.Біз келесі жағдайларда заңды ережелерге сәйкес жауап береміз:

- a) адам өлімі, дене жарақаты немесе денсаулық залалы болған жағдайда;
- b) алаяқтық ниет, айлакерлік немесе өрескел немқұрайлылық болған жағдайда;
- c) өнім сапасы үшін жауапкершілік туралы Заңның (Produkthaftungsgesetz) ережелеріне сәйкес, сондай-ақ;
- d) біз берген кепілдік шеңберінде.

7.2.Қарапайым немқұрайдылықтан туындаған мүліктік залал мен қаржылық шығындар болған жағдайда, біз және біздің агенттеріміз келісімшартта алдын ала көрсетілген елеулі материалдық міндеттер шегінде ғана, бірақ келісімшартты жасасу кезінде алдын-ала болжалған және әдеттегі залалдар

шегінде ғана жауапты боламыз; елеулі материалдық міндеттер дегеніміз – келісімшартты сипатталған және сіз келіскен келісімшарттық міндеттемелер.

7.3.Барлық басқа жағдайлар үшін біз жауапты болмаймыз.

7.4.Жоғарыда көрсетілген жауапкершілік шектеулері агенттеріміздің бірі кінәлі болған жағдайда да, сондай-ақ қызметкерлеріміздің, өкілдеріміздің және органдарымыздың жеке жауапкершіліктері бойынша да қолданылады.

8. Жарамдылық мерзімі, тоқтату

8.1.Келісімнің қолданылу мерзімі сіз тіркелген күнінен басталады және осы пайдалану шарттарына сәйкес тараптардың кез келгені ережені бұзған кезде аяқталады.

8.2.Келісімшартты ерікті түрде тоқтату

а) SingleKey ID бойынша жасалған келісімнің күшін кез-келген уақытта пайдаланушы тіркелгісін жою арқылы жоюға болады. Ол үшін біз тіркелгіні жою механизмімен қамтамасыз етеміз.

б) Сондай-ақ, біз келісімшарттың күшін сізге кез-келген уақытта үш (3) ай бұрын алдын-ала хабарлау арқылы жоюға құқылымыз. 5-бөлімге сәйкес пайдаланушы тіркелгісін уақытша тоқтату және оған 9-бөлімге сәйкес өзгерістер енгізу құқығымыз сол күйінде қала береді.

8.3.Ақылға қонымды себептер болған жағдайда тараптардың келісім күшін алдын ала хабарлаусыз бұзу құқығы өзгеріссіз қалады.

8.4.Бұзу салдарлары

а) SingleKey ID қызметі бойынша жасалған келісім жойылған соң тіркелгі сізге бұдан әрі қолжетімсіз болады және SingleKey ID логинін пайдалану рұқсаты жойылады.

б) Сонымен қатар, қызмет тоқтатылғаннан кейін SingleKey ID арқылы пайдаланатын қызметтер де қолжетімсіз болады.

с) Тіркелу процедурасында жасалған кез келген деректі біз қызмет тоқтатылғаннан кейін немесе заңда белгіленген сақтау мерзімдері өткеннен кейін отыз (30) күнтізбелік күн ішінде немесе, қолданыстағы заңдарға немесе деректерді қорғау туралы нормативтік актілерге сәйкес талап етілген мерзімде біржолата жоямыз.

9. Өзгерістер енгізу

9.1. Осы пайдалану шарттарына енгізілетін өзгерістер

Біз осы пайдалану шарттарын өз қалауымыз бойынша кез келген уақытта өзгертуге құқылымыз. Мұндай өзгерістер туралы өзгерістер күшіне енгенге дейін сізге кемінде отыз (30) күнтізбелік күн бұрын хабарланады. Егер сіз хабарлама алғаннан кейін отыз (30) күнтізбелік күн ішінде қарсылық білдірмесеңіз немесе SingleKey ID тіркелгісін қарсылық білдіруге болатын мерзім аяқталғаннан кейін де пайдалануды жалғастырсаңыз, енгізілген өзгертулерді қарсылық білдіруге болатын кезең аяқталған сәттен бастап оларға келіскен болып саналасыз. Сіз қарсылық білдірген жағдайда келісім бұрынғы шарттармен жалғастырылатын болады. Сіз қарсылық білдірген жағдайда, біз келісімшартты 8-бөлімге сәйкес тоқтатуға құқылы боламыз. Сізге жіберілетін өзгеріс енгізу туралы хабарламада сіздің қарсылық білдіруге құқығыңыз бар екені және қарсылық білдірудің салдарлары туралы ақпарат болады.

9.2. Функциядағы өзгерістер

Біздің SingleKey ID қолдану аясын өзгертуге, жаңа функцияларды ақысыз немесе ақылы түрде ұсынуға, бұрын тегін берілген функциялар үшін ақы алуға, сондай-ақ SingleKey ID қызметін ұсынуды толығымен тоқтатуға құқығымыз бар. Бұл ретте біз пайдаланушы ретіндегі заңды мүдделеріңізді ескеретін боламыз. Ақысыз функциялар ақылы болғанға дейін сізге ол туралы хабарлаймыз.

10. Қолданылатын заңдар және юрисдикция орны

10.1. Осы пайдалану шарттары Германия Федеративтік Республикасының заңнамасына сай жүзеге асырылады. Егер сіз тұтынушы болсаңыз, онда бұл заңнама тек сіз тұратын мемлекеттің сізді қорғауға қатысты заңдарын бұзбайтын жағдайда ғана қолданылады. БҰҰ-ның тауарларды халықаралық сатып алу- сатуға қатысты келісімшарттары (CISG) туралы конвенциясы қолданылмайды.

10.2. Егер пайдаланушы § 14 BGB (Германияның Азаматтық Кодексі) аясындағы кәсіпкер болса, халықаралық құқыққа сәйкес әрекет ететін заңды тұлға немесе арнайы қор осы пайдалану шарттарынан немесе оған байланысты туындайтын барлық заңды даулар қаралатын юрисдикция орны Германиядағы Штутгарт қаласы болып табылады. Бұл талап пайдаланушының жалпы юрисдикциясы

Германияда болмаса да, тіпті мәселе көтерілген кезде тұрғылықты жері немесе әдеттегі орналасқан жері белгісіз болған жағдайларда да қолданылады.

11. Дауларды онлайн режимде шешуге арналған платформа, дауларды шешу рәсімдеріне қатысу

11.1. Еуропалық Комиссия дауларды онлайн (OS) режимде қарауға арналған платформаны ұсынады. Бұл платформа интернет арқылы сатып алу-сату келісімшарттары мен интернет арқылы қызмет көрсету келісімшарттары бойынша келісімшарттық міндеттемелер аясындағы дауларды соттан тыс қарауға арналған. Бұл платформа мына мекенжай бойынша қолжетімді: <http://ec.europa.eu/consumers/odr/>.

11.2. Біз тұтынушының төрелік кеңесінде қаралатын дауларды шешу рәсіміне қатысуға міндетті емеспіз және дауды шешуге ерікті түрде қатыспауды ұйғардық. Шағымдар, өтініштер, сұрақтар мен ескертпелерді "Компания мәліметтері" (<https://singlekey-id.com/corporate-info-and-legal-notice>)" бөлімінде көрсетілген байланыс деректері арқылы жасауға немесе жіберуге болады.

12. Қорытынды ережелер

12.1. SingleKey ID провайдері ретінде біз туралы толық ақпаратты "Компания мәліметтері" (<https://singlekey-id.com/corporate-info-and-legal-notice>)" бөлімінен табуға болады.

12.2. Егер осы пайдалану шарттарының қандай да бір ережесі жарамсыз болса немесе кейін жарамсыз болып қалса, бұл қалған ережелердің жарамдылығына әсер етпейді.